

Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің және мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларының орындалуы бойынша есептерді өзірлеу және ұсыну қағидасын бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 маусымдағы № 672 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1034 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.12.2015 № 1034 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**РҚАО - ның ескертпесі !**

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы № 248 бұйрығы .

«Мемлекеттік мұлік туралы» Қазақстан Республикасы 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 11-бабының 9) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің және мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларының орындалуы бойынша есептерді өзірлеу және ұсыну қағидасы **бекітілсін .**

2. Акционерлік қоғамдар акцияларының бақылау пакеттерін, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысудың мемлекеттік үлестерін иелену және пайдалану құқықтарын жүзеге асыратын немесе мемлекеттік кәсіпорындарды басқаратын мемлекеттік органдар заннамада белгіленген тәртіппен 2013 жылғы бірінші қаңтардан бастап мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларының орындалуы бойынша есептерді мемлекеттік мұлікті есепке алу саласындағы бірыңғай операторға оларды мемлекеттік мұлік тізіліміне қосу үшін ұсынуды қамтамасыз **етсін .**

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министр  
Қазақстан  
Үкіметінің  
2011 жылғы  
№ 672  
бекітілген

Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов  
Республикасы  
20 маусымдағы  
қаулысымен

**Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің және мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларының орындалуы бойынша есептерді өзірлеу және ұсыну қағидасы**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағида Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мұлік туралы» Заңының 11-бабы 9) тармақшасына және 185 бабы 3-тармағына сәйкес өзірленген және ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтерді және ұлттық компанияларды санамағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың (бұдан әрі - АҚ), жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің (бұдан әрі - ЖШС) және мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларының орындалуы бойынша есептерді өзірлеу тәртібін айқындайды (бұдан әрі - Есеп).

2. Осы Қағидада пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) ұйымдар - мемлекет бақылайтын АҚ және ЖШС, мемлекеттік кәсіпорындар;

2) бірынғай оператор - мемлекеттік мұліктің есебі саласындағы бірынғай оператор (бұдан әрі - Бірынғай оператор) - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша айқындалған, оған мемлекеттік мұлікті ұйымдастыру мен есепке алу саласындағы бірынғай техникалық саясатты жүзеге асыру мәселелері жүктелген заңды тұлға

3) атқарушы орган — атқарушы органның функциясын дербес жүзеге асыратын, атауы Ұйымның жарғысымен айқындалатын алқалы орган немесе тұлға;

4) тиісті саланың уәкілетті органы - мемлекеттік басқарудың тиісті саласын (аясын) басқару жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы) - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, мемлекеттік

басқарудың тиісті саласында (аясында) мемлекеттік басшылықты жүзеге асыратын және «Мемлекеттік мұлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де зандарында көзделген шарттарда республикалық мұлікке қатысты құқықтарды иеленетін орталық атқарушы

орган;

5) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) - облыстың (республиканың) маңызы бар қаланың және астананың), ауданың (облыстың маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

6) облыстардың, республиканың маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстың маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес басқармаларды (бөлімдерді) акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакетін және жауапкершілігі шектеулі серікtestіктердің қатысу үлестерін, мемлекеттік занды тұлғалар субъектілері құқығын иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыруға, оның ішінде тиісті саланың уәкілетті органының құзыретіне ұксас шешімдер қабылдауға қаржылық өкілеттіктер береді (бұдан әрі - жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган);

7) электронды есеп - Ұйымның бағдарламалық, қамтамасыз етуді пайдаланып әзірлеген және ұлттық растаушы орталық берген Ұйымның электронды сандық қолтаңбасы қойылатын есеп.

## 2. Есепті әзірлеу және бекіту тәртібі

3. Ұйымның даму жоспарының орындалуы бойынша есеп әрбір жылдың қорытындылары бойынша әзірленеді.

4. Даму жоспарының орындалуы бойынша есепті әзірлеу мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесе отырып айқындаған бөлімдерінің құрамын қоса алғанда олардың құрылымына, көрсеткіштерінің нысандарына, тізбесіне және нысандарды толтыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырылады.

Даму жоспарының орындалуы бойынша Есепті әзірлеу жөніндегі әдістемелік қамтамасыз етуді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

5. Есептің жобасын әзірлеу және бекіту келесі тәртіппен орындалады:

1) тиісті есепті кезендегі есептің жобасын әзірлеуді Бірыңғай оператор әзірлеген бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып Ұйымның

## а т қ а р у ш ы

органы

Әзірледі.

Ұйымның атқаруышы органы Есептің жобасын директорлар кеңесіне, бақылау кеңесіне, тиісті саланың уәкілетті органы немесе Ұйымның жергілікті бюджетінен қаржыландырылатын атқаруышы органға енгізеді:

Бір жылдың қорытындылары бойынша - есепті кезеңінен кейінгі үшінші айдың отызыншы күнінен кешіктірмей (жедел деректер бойынша);

аудиттеген қаржылық есепті бекіткеннен кейін - он бес жұмыс күннің ішінде, бірақ есепті жылдан кейін жылдың бірінші қыркүйегінен кешіктірмей.

Ескертулер болған жағдайда атқарушы орган он бес жұмыс күнінің ішінде Есептің жобасын пысықтайды және оны қайтадан директорлар кеңесіне, бақылау кеңесіне, тиісті саланың уәкілетті органы немесе Ұйымның жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органына енгізеді;

2) Есептің жобасын директорлар кеңесі, бақылау кеңесі, тиісті саланың уәкілетті органы немесе Ұйымның жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органы бекітеді:

бір жылдың қорытындылары бойынша - есепті кезеңінен кейінгі төртінші айдың отызыншы күнінен кешіктірмей (жедел деректер бойынша);

аудиттелген қаржылық есеп бекітілгеннен кейін — оны қарауға енгізген күнінен бастап он бес жұмыс күннің ішінде.

Даму жоспарының орындалуы бойынша есептің жобасын бекіту мерзімі директорлар кеңесінің, бақылау кеңесінің, тиісті саланың уәкілетті органның немесе Ұйымның жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның шешімі бойынша, осы Қағиданың осы тармақшада белгіленген мерзімнен он жұмыс күнінен артық емес мерзімге ұзартылуы мүмкін.

6. Ұйым есеп бекітілген күннен бастап 5 жұмыс күнінің ішінде оның электронды есебін оған директорлар кеңесінің (бақылаушы кеңестің, тиісті саланың уәкілетті органының немесе Ұйымның жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдың) электронды есепті бекіткені туралы сканерленеген шешімін қоса отырып мемлекеттік мүліктің тізіліміне енгізу үшін Бірыңғай операторға жібереді;

7. Бірыңгай оператор Ұйымның электронды есебі түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның электронды мекенжайына электронды есепті мемлекеттік мүлік тізіліміне қосқаны немесе оны қабылдаудан бас тарту себептері туралы хабарлама жібереді.

Ұйымның электронды есебін қабылдаудан бас тарту негізі электронды есебтің Бірыңғай оператор әзірлеген бағдарламалық қамтамасыз электронды форматқа

Бірынғай оператор электронды есепті қабылдаудан бас тартқан жағдайда Үйым ескертулерді жояды және Есепті қабылдаудан бас тарту туралы

хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күнінің ішінде есепті Бірыңғай операторға қайтадан енгізеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК